

**"Локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетуді ұсыну ережесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2007 жылғы 28  
наурыздағы № 70 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 09 тамыздағы № 626 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 28 тамызда № 8674 тіркелді

«Темір жол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетуді ұсыну ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2007 жылғы 28 наурыздағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4619 тіркелді, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде 2007 жылғы, № 5, 257-құжат, жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетуді ұ с ы н у е р е ж е с і н д е :

8-тармақтың 3) тармақшасының екінші абзацы алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті (Р.К. Мағзұмов) осы бұйрықтың:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің интернет–ресурсында ресми жариялануын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының интранет–порталында орналастырылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р д і ñ*

*міндетін атқарушы*

*Р. Скляр*